

ІРГЕЛІ ОҚУ ОРДАСЫНА 70 ЖЫЛ

1943 жыл. Сұрапыл соғыстың қызып тұрған шағы. Ер азаматтардың дені майданға аттанып, елдегі халық таңның атысы, күннің батысы оянбай еңбек етіп, «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранмен жанын сала қимылдап жатқан уақыт болатын. Тап осы қым-қуыт кезде қаламызда жаңадан жоғары оқу орны ашылып, өз жұмысын бастаған еді.



Деляур Константин Александрович. Институт директоры (1943-1944 жж.)



Умбеталин Сафа Умбеталиевна. Институт директоры (1944-1957 жж.)



Измаилов Аркадий Владимирович. Институт директоры (1957-1958 жж.)

Ұлы Отан соғысының ең бір ауыр кезеңінде де ел басшылығы соғыстың жеңіспен аяқталатынына көміл сене отырып, соғыстан кейін экономиканы қайта қалпына келтіру және әрі қарай дамыту, оған қажетті мамандар даярлау мәселесін ойластыра бастаған болатын. Осы мақсатпен Шымкент қаласында Құрылыс материалдары технологиялық институтын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

Оқу орнына қаланың Совет көшесіндегі (қазіргі Қазыбек би) педучилищенің ғимараты берілді.

Институттың алғашқы директорлығына К.А.Деляур бекітілді. Ол бұған дейін Харьковтен көшіп келген құрылыс материалдары техникумының директоры қызметін атқарған еді. Айта кету керек. Константин Александровичтің институттың ашылуындағы еңбегі үлкен. Ол құрылыс өнеркәсібіне қажетті білікті мамандарды осы бастан даярлау қажеттігін жоғары мемлекеттік органдар алдында табандылықпен дәлелдей білді және шешім қабылдауға қол жеткізді. Оқу орнын аз ғана басқарған ол 1944 жылы Украинаның Харьков қаласына технологиялық институт ұйымдастыруға жіберілді.

1943-1944 алғашқы оқу жылында институтқа 150 студент қабылданды. Институт құрамында екі факультет, «Силикаттар технологиясы» және «Тау-кен ісі» факультеті, сонымен бірге, қоғамдық ғылымдар, математика, физика, химия, механика, графика, кристаллография және минералогия кафедралары болды. «Тау – кен ісі» кафедрасын ірі ғалым, техника ғылымдарының докторы, профессор Бричкин, «Геология» кафедрасын профессор Мащанов басқарды. Сондай-ақ «Физика» кафедрасының меңгерушілігіне өзінің құнды еңбектерімен танымал болған профессор Милин бекітілді.

Алғашқы оқу жылында институтта 18 оқытушы, олардың ішінде 2 профессор және 5 доцент болды. Дегенмен профессор – оқытушылар құрамында алғашқы кезде жергілікті ұлт өкілдері болмады.

Сондай-ақ, бастапқы оқу жылдарында білім ордасында қазақ студенттері де аз болды. Соғыстың аласапыран кезі болғандықтан студенттер мен оқытушылардың көпшілігі басқа республикалардан негізінен Украинаның

бірден бір мұрындық болған осы Сафа Умбеталиұлы еді.

Ол басшылық еткен тұста, яғни 1948 жылы институттың алғашқы 22 түлегі «Инженер-технолог» мамандығын алып, оның төртеуі институтты үздік аяқтаумен өмірге жолдама алды.

Дегенмен әлі де оқу орнына жергілікті ұлттан студенттер қабылдау көңіл көншітетіндей бола қойған жоқ. Мысалы, 1948 жылы оқуға түсуге өтініш берген 25 абитуриенттің 3-і ғана қазақ жастары болған.

1957 жылы оқу орнының басшылығына Қ.Б.Біләлов келді. Ол басқарған аз уақыт ішінде институтта республика экономикасының дамуына аса қажет салалар бойынша мамандар даярлауға ерекше көңіл бөлінді. Оқу орны Қазақ технология институты болып қайта құрылып еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының біріне айналды. 1959-1971 жылдары Қазақ КСР Жоғары және Орта арнаулы білім министрі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған ол бұрын өзі басқарған оқу орнынан қамқорлығын аяған жоқ.

Институттың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оқу ғимараттар кешенін салу үшін қаржы бөлуге көп ықпал етті.

1959 жылы институттың ректорлығына осы оқу орнының түлегі, 30 жастағы С.Т.Сүлейменов тағайындалды. Сұлтан Төшірбайұлы институттың материалдық-техникалық базасы мен ғылыми потенциалын өркендету жолында бар күш-жігері мен



Балакирев А.А. – ҰОС қатысушы, Шымкент құрылыс материалдары институтының бірінші түлегі. 1948 ж.

білімін жұмсады.

Қазіргі университеттің бас ғимараты мен А.Б.Біләлов атындағы



Мырхалықов Жұмахан Үшкөмпірулы. Университет ректоры, т.ғ.д., профессор, (2012 ж.)

және қолданбалы спектроскопия, кванттық химия мен органикалық молекулалардың реакциясы мүмкіндігін зерттеу сияқты мәселелерге жіті назар аударды.

Қазақ химия-технологиялық институтында қатардағы ассистент, оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проректор қызметтері баспалдақтарынан өткен Ш.М.Молдабеков 1980-1987 жылдарда оқу орнының ректоры болды. Ол өзінің жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Осы жылдар ішінде 2 студенттер жатақханасы, оқытушыларға арналған 2 тұрғын үй, «Машат» сауықтыру кешенінде көптеген жаңа құрылыстар бой көтерді, 9 және 4 қабатты оқу корпусы тұрғызылып, әрбір студентке 15,3 шаршы метр оқу алаңы тиесілі болды. Осылайша институт республика жоғары оқу арасында өлеуметтік – тұрмыстық жағдайы ең жақсы оқу орнына айналды.

міздегі ең ірі математиктер қатарына жатады, оның еңбектерінің негізгі ғылыми бағыты дифференциалдық теңдеулерді, математикалық физика теңдеулерін, операторлар теориясын зерттеуге бағытталып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған белгілі ғалым Т.Ш.Көлменовтың бастамасымен Қазақ химия-технология институты Оңтүстік Қазақстан Техникалық университеті болып қайта құрылып, Қазақстанның жетекші техникалық оқу орнының біріне айналды.

Оқу орнына 1997-1998 жылдары А.И.Айнабеков ректор болған кезде коллоидтік химия, түсті металдар технологиясы, механика мамандықтары бойынша докторантура мен аспирантура ашылды. Ол білім мен ғылымның өзекті мәселелеріне арналған халықаралық және республикалық ғылыми конференциялық ұйымдастыруға ұйытқы болды. Екі жақты келісімдер негізінде үздік студенттердің екінші курстан кейін Ресейдің оқу орындарында тегін білім алуына қол жеткізді.

1996 жылы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетіне ректор болып тағайындалған Е.Ө.Медеуов оған Техникалық университет бірігіп, оқу орны М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылғаннан кейін оған 2001 жылға дейін басшылық етті. Ол жоғары білікті кадрларды сақтап қалуға үлкен көңіл бөле отырып, қайта құрулардан туындаған қиыншылықтардың ауыртпалығын жеңілдетуге тырысты. Оқытушыларға қосымша жалақы төлеу жүйесі енгізілді.

Танымал математик, дәрежесі атағына сай педагог ғалым, бірнеше


ғылыми бағдарламаларды жасады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын инновациялық өндірістерді құру бойынша жобаларды жүзеге асыру басталды. Ж.У.Мырхалықов «2010-2012жж. Қазақстан Республикасы химия өнеркәсібінің дамуын ғылыми қамтамасыз ету» мемлекеттік бағдарламасын жасаған жұмыс тобын басқарды.

Ж.У.Мырхалықовтың жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан инновациялық қызметтің арқасында «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдастырған «Инновациялық Қазақстан» идеялардың республикалық жастар конкурсының нәтижесі бойынша М.Әуезов атындағы ОҚМУ Қазақстан Республикасының екінші инновациялық ЖОО болып танылды.

Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі саласындағы кәсіби маман ретінде халықаралық танымалдылыққа ие болғандығынан, Ж.У.Мырхалықовқа Британ Кеңесі қаржыландыратын Қазақстан және Ұлыбританияның ұзақмерзімді серіктестігі аясында INSPIRE «Ғылым және білім саласындағы халықаралық стратегиялық әріптестік» бағдарламасы бойынша халықаралық жобаларға басшылық жасауға мүмкіндік берді.

Өткен 70 жыл ішінде университет есіп-өркендей отырып еліміздің және еңіріміздің ірі де іргелі көп салалы оқу орындарының біріне айналды. 1996 жылы ҚР үкіметінің №573 қаулысымен Қазақ химия – технологиялық университеті болып аталды, ал 1998 жылы Үкіметтің №256 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан техникалық университеті мен Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетінің бірігуі негізінде М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылды. Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университеті Шымкент дене тәрбиесі институтының қосылуы нәтижесінде пайда болған еді. Шымкент педагогикалық мәдениет институтын 1967-1977 жж с.Т.Темірбеков, 1977-1996 жылдарда М.Ж.Жүнісбаев, ал Шымкент дене тәрбиесі институтын 1990-1996 жылдары М.С.Сапарбаев басқарды.

Университет қабырғасында білім алған түлектердің арасынан белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, ірі кәсіпорын башылары, көрнекті ғалымдар мен мәдениет қызметкерлері, еліміздің еңбек сіңірген




Молдабеков Шаяхмет Молдабекұлы. Институт ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ИА академигі. (1980-1988 жж.)



Наурызбаев Михаил Қасымұлы. Институт ректоры, т.ғ.д., профессор (1988-1991 жж.)



Көлменов Тынисбек Шеріпұлы. Оңтүстік-Қазақстан техникалық университетінің ректоры. Профессор, ҚР ИА академигі (1991-1997 жж.)



Ғылыми – зерттеу саласында үлкен табыстарға қол жеткізілді. Егер отандық және шетелдік оқу орындарының профессоры, академик



Измаилов Аркадий Владимирович. Институт директоры (1957-1958 жж.)



Білалов Қали Білаұлұлы. Институт директоры, х.ғ.к., профессор (1958-1959 жж.)



Сүлейменов Сұлтан Тәшірбайұлы. Институт ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҒА академигі (1959-1974 жж.)



Молдахметов Зейнолла Молдахметұлы. Институт ректоры, ҰҒА академигі. (1974-1980 жж.)

болмады.

Сондай-ақ, бастапқы оқу жылдарында білім ордасында қазақ студенттері де аз болды. Соғыстың аласапыран кезі болғандықтан студенттер мен оқытушылардың көпшілігі басқа республикалардан, негізінен Украинадан келгендер еді. Институт жұмыс істеген алғашқы жылдардың өзінде-ақ студенттер арасынан бірлі-жарым ер-азаматтар өз еріктерімен майданға аттанып жатты.

Институт ұжымы соғыс жылдары басқа мекемелермен бірге қорғаныс қорына заттай және ақшалай қаражат жинап аударып отырды, сондай-ақ гидростанция салу құрылысына қатысып, колхоздарда дөңді дақыл мен мақта жинауға т.б. маусымдық жұмыстарға белсене көмектесті.

1945 жылы мамырда қалада өткен Жеңіс мейрамына арналған үлкен жиында қала интеллигенциясы атынан Шымкент құрылыс материалдары технологиясы институтының профессоры Караваяев құттықтау сөз сөйлесе, осы институттың алғашқы түлегі болып саналатын №1 диплом иегері, соғыс ардагері, А.А.Балакиров былай дейді: «Мен Шымкент технологиялық институтына оқуға 1943 жылы әскерден келіп түстім.

Ол кезде институтта өндірістік іс-тәжірибелерге жіті көңіл бөлінетін.

Тәжірибелер еліміздің ірі өндіріс орындарында өтетін. Алғашқы технологиялық іс-тәжірибені мен бір топ студенттермен Ашхабад қаласындағы заводта өттім. Студенттер өздерін жақсы қырынан көрсете білді. Тіпті бізді темір жол вокзалына шығарып салу үшін бас инженердің өзі келіп, жылы сөздер айтты».

К.Деляурдан кейін институт басшылығына жергілікті ұлт өкілі Сафа Үмбеталин келді.

Ол 1936 жылы Мәскеудің түсті металдар және алтын институтын бітіргеннен кейін Жезқазған кенішінде шахта бастығы болды. 1938 жылдан Шымкент кен-металлургия техникумында директордың орынбасары қызметін атқарды, ал 1944 жылы қазан айында Шымкент құрылыс материалдары технологиялық институтының директоры болып тағайындалды. Үмбеталиннің кезінде институттың профессор – оқытушылар құрамының жұмысы мен біліктілігі көп нығайды. Институт жанынан «Силикат технологиясы» мен «Физика» лабораториясы ұйымдастырылды, сондай-ақ 500 студентке арналған жатақхана ғимаратын салуға, 700 орындықты оқу ғимаратының құрылысын жүргізуге

білімін жұмсады.

Қазіргі университеттің бас ғимараты мен «А», «Б» оқу корпусы, 4 бірдей студенттер жатақханасын, асхана, «Машат» шатқалында демалыс лагері, оқу – лабораториялық және спорт кешендері сол кісінің перменімен салынды. Сүлейменов басшылық еткен тұста институт құрамында 7 факультет, 33 кафедра, 304 оқытушы – профессорлар, оның ішінде 39 ғылым – кандидаты мен доценттер дәріс беретін, 5 мыңға жуық студент оқитын еліміздегі ірі жоғары оқу орнына айналды.

Сол кездегі Шымкент облыстық комитетінің бірінші хатшысы Б.Ливенцов Сүлейменовке берген мінездемесінде былай деп атап өткен:

«Сұлтан Сүлейменов өзінің ғылыми педагогикалық жұмысын қоғамдық жұмыспен ұдайы ұштастырып отырады. Өзекті тақырыпта радиодан жиі сөйлеп, баспасөз бетінде жиі көрінеді. Сүлейменов бірнеше рет партия және Кеңес органдарының басшылық құрамына сайланды. Қазіргі кезде облыстық комитеттің мүшесі және Шымкент қалалық комитетінің бюро мүшесі, сонымен бірге облыстық кеңестің депутаты болып, екі рет және Қазақстан Компартиясының съездеріне делегат болып сайланды. «Құрмет белгісі» орденімен және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған».

Міне, осының өзі-ақ Сұлтан Тәшірбайұлы Сүлейменовтың осы оқу орнын басқарған кезде каншалықты абырой мен зор беделге ие болғанын көрсетеді.

1975-1980 жылдар аралығында оқу орнына З.М.Молдахметов басшылық өтті. Ол институттың өсіп – өркендеуіне үлкен үлес қосты, материалдық – техникалық базасының нығаюына, ғылыми – зерттеу жұмыстарының дамуына барынша ықпал етті. Осы кезеңде «В» оқу ғимараты тұрғызылды.

Зейнолла Молдахметұлының бас-тамасымен 1977 жылы «Химия өндірісінің заманауи машиналары мен аппараттары» атты Бүкілодақтық 1-ші конференция өткізіліп, 1979 жылы теориялық химия бойынша бүкілодақтық мектептің негізі қаланды.

Өзінің іргелі зерттеулерінің арқасында ол физикалық химия ғылымына өлшеусіз үлес қосты, оның ішінде, әсіресе, органикалық молекулалардың фотохимиясы, теориялық

1948 ж.

Ғылыми – зерттеу саласында үлкен табыстарға қол жеткізілді. Егер 1980 жылы институтта 133 ғылым кандидаты болса, ал докторлар мүлде жоқ еді, ал 1988 жылы ғылым кандидаттарының саны 276-ға, ғылым докторлар 13-ке жетті. Жаңа салалық және проблемалық ғылыми зертханалар, 3 ғылыми – өндірістік оқу кешені, кәсіпорындарда 7 филиалдар ұйымдастырылып, ғылыми зерттеулер өндіріспен тығыз байланыстырылды. Экологиялық мәселелерді шешу жолдары мен табиғат ресурстарын игеру тәсілдері Қазақстан, Ресей, Украина және Өзбекстанның түрлі химиялық кәсіпорындарда өндірістік қолданысқа енгізілді.

1988-1991 жылдар институтты М.Қ.Наурызбаев басқарған кезеңде «Г» және «Д» оқу-зертханалық ғимараттарының құрылыстары аяқталып пайдалануға берілді. 1989 жылы «химиялық технология процесстері мен аппараттары», ал 1990 жылы «бейорганикалық заттардың технологиясы» мамандықтары ашылып, осы мамандықтар бойынша кандидаттық және докторлық кеңестер құрылды.

М.Қ.Наурызбаевтың жетекшілігімен 6 докторлық, 38 кандидаттық диссертация қорғалды. 2005 жылы оған бір топ ғалымдарымен бірге еліміздің жоғары технологиялық өнім – «турақты изотоптар» рыногына шығуды қамтамасыз еткен ғылыми еңбегі үшін Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Алматыдағы физикалық-химиялық зерттеулер Орталығының ғалымдары бүгінде М.Қ.Наурызбаевтың басқаруымен нанотехнологиялар саласында жемісті еңбек етіп, еліміздің индустриялық-инновациялық дамуына еселі үлес қосуда.

Оқу орнына 1991-1997 жылдары Т.Ш.Кәлменов жетекшілік еткен кезең еліміздің тәуелсіздік алуымен және одан кейінгі қиыншылықтармен тұспа-тұс келді. Сондықтан ол бар күш-жігерін институттың материалдық-техникалық базасы мен білікті мамандарын сақтап қалуға жұмсады. Түрлі ғылыми бағыттағы докторантура мен аспирантура ашылып, «дифференциалдық физика теңдеулері», «Математикалық физика теңдеулері» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес құрылды.

Академик Тынысбек Шеріпұлы елі-

отандық және шетелдік оқу орындарының профессоры, академик Есенгелді Әміржанұлы «Құрмет», «Ұлы Петр» ордендерінің, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткері» төсбелгісінің иегері атанды.

Университеттің жаңа серпінді даму кезеңі Уәлихан Қозыкеулы Бишімбаевтың есімімен байланысты. Ол өзі басқарған 2001-2011 он жыл ішінде ОҚМУ-ды еліміздің жоғары оқу орындары көшбасшыларының біріне айналдырды. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті отандық жоғары оқу орындары арасында бірінші болып жеті білім бағдарламасы бойынша (кейіннен және 6) халықаралық аккредитациядан өтуі жайдан-жай емес. Оқу орны алғашқылардың бірі болып кредиттік технологияны, сапа менеджментін, инновациялық технологиялармен оқыту жүйесін енгізді. Рейтинг бойынша Қазақстанның көп салалы жоғары оқу орындары арасында соңғы 5-6 жылда университет ұдайы алғашқы бестіктен көрінді, ал ұтып алынған мемлекеттік білім гранттарының саны бойынша алғашқы үштікке енді.

Сонымен қатар, заманауи ғылыми-инновациялық инфрақұрылым, студенттік бизнес-инкубатор мен ОҚО-тық аймақтық техносаябағы мен жаңа ғылыми бөлімшелер (6 ғылыми-зерттеу институты, 9 ғылыми орталық, 38 ғылыми зертхана) құрылды.

2006 және 2007 жылы «Жоғары оқу орындарының үздік ректоры» атағына ие болды. Уәлихан Қозыкеулы Бишімбаев 2011 жылы ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болып сайланды.

2012 жылдан бастап оқу орнын Ж.Ұ.Мырхалықов басқарып келеді. Жұмахан Үшкөмпірұлының жетекшілігімен оқу орнын зерттеу университетіне айналдыру бағытында шаралар іске асырылуда.

Ж.Ұ.Мырхалықовтың белсенді жұмысының нәтижесінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің ғылыми және инновациялық қызметі жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Университет еліміздің инновациялық – бағытталған жоғары оқу орындарының қатарына еніп, ғылыми жобаларды коммерциализациялау кеңсесін қаржыландыруға байқауды жеңіп алды, «КазАтомПром», «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компанияларына және жетекші өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін

Университет қабырғасында білім алған түлектердің арасынан белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, ірі кәсіпорын башылары, көрнекті ғалымдар мен мәдениет қызметкерлері, әйгілі спорт саңлақтары шықты.

Бүгінде университетіміздің 13 факультетінде 15500 студент 88 мамандық бойынша білім алуда. 1987 оқытушылардың 4-і ҚР Ұлттық ғылым академиясының, 4-і ҚР Ұлттық инженерлік ғылым академиясының академиктері 156 ғылым докторы мен профессорлар, 660-тан астам ғылым кандидаттары мен доценттер.

Университеттің материалдық-техникалық базасы қазіргі үлгідегі 17 оқу ғимаратынан, 6 студенттер жатақханасынан, 3 спорт кешенінен, тау шатқалындағы сауықтыру орталығынан, жеңіл атлетикалық манежден, сондай-ақ үлкен және кіші жүзу бассейндерінен тұрады.

ОҚМУ Германиялық ASIIN агенттігінде 13 білім бағдарламасы бойынша халықаралық аккредитациядан өтіп, техникалық сала мамандарын даярлаудың жоғары сапасын дәлелдеген қазақстандық алғашқы жоғары оқу орны болып табылады. Университетке республика бойынша алғашқы болып инженерлік мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларына Еуропалық сапа белгісі – «Еуробакалавр», «Еуринженер» белгілері берілді. Осының нәтижесінде жылдан-жылға университетіміздің халықаралық танымалдығы арта түсуде. Қазір мұнда әлемнің бірнеше елінен келген шетелдік студенттер білім алуда.

Бүгінгі таңда М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ды зерттеу университетіне айналдыру бағытындағы шаралар қолға алынып, Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуын, еліміздің индустриялық-инновациялық бағдарламасын өміршең ететін білікті маман кадрлар даярлануда.


Университетіміздің осындай биік белестерге көтерілуінде оқу орнын ер жылдары басқарған ректорлардың еңбегі ерекше екенін жоғарыда келтірілген мәліметтерден байқауға болады. Олардың өмір жолы білім іздеп келген жастарға үлгі-өнеге болады деген ойдамыз.

Сейдехан Әлібек, М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ң факультет деканы, тарих ғылымдарының докторы Ғалымжан Өтен, университеттің аға оқытушысы.

Кәлменов Тынысбек Шеріпұлы. Оңтүстік-Қазақстан техникалық университетінің ректоры. Профессор, ҚР ИА академигі (1991-1997 жж.)



Айнабеков Алпысбай Иманқұлұлы. Университет ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ИА академигі (1997-1998 жж.)



Медеев Есенгелді Әміржанұлы. Университет ректоры, П.ғ.д., профессор, Халықаралық білім академиясының академигі (1997-2001 жж.)



Бишимбаев Уәлихан Қозыкеулы. Университет ректоры. ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі. (2001-2012 жж.)